

## Сортсыз сұтке дотация төлеуді тоқтату туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 9 қыркүйек 1993 ж. N 856. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпанды N 124 қаулысымен

Мемлекеттік ресурсқа ауыл шаруашылық тауарын өндірушілер өткізетін сұттің сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "1993 жылы мемлекет мұқтажы үшін ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізат сатып алу және беру туралы" 1993 жылғы 4 наурыздағы N 161 (N 4 қосымша) қаулысында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Сұттің, малдың және құстың мемлекеттік кепілді сатып алу бағасы туралы" 1993 жылғы 30 сәуірдегі N 337 (N 1 қосымшаға ескерту) (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1993 ж., N 15, 176-бап) қаулысында белгіленген совхоздардың, колхоздар мен басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қышқылдық мөлшері, тазалық және бактериялық даму дәрежесі бойынша мемлекеттік ресурсқа беретін сортсыз сұттің дотация төлеуді 1993 жылғы 15 қыркүйектен бастап тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармасының ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министр